

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы

**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"**

**Бөбекжай-бақша директоры
С.Ж.Жанекешова**



**2020-2021 оқу жылына арналған
№7 "Еркемай" мектепалды даярлық тобының
"Кел, сөйлейік, үйренейік!"
вариативтік компонент
ұйымдастырылған жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бала тілін дамытуға, олардың сөздік қорларын молайтуға, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Яғни, мектеп жасына дейінгі кезеңде балалармен сөздік жұмысын жан-жақты жүргізу «Қатынас» білім беру саласының негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Балалардың сөздік қорын молайтуда тақпақтардың, ертегілердің, мақал-мәтел, жұмбақтардың орны ерекше. Балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығы тез игеріледі, қатынас белсенділіктері қалыптасады, сондай-ақ ақыл- ойы өсіп жетіледі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан тілдің үлкен мәні бар. Мектепалды даярлық тобының «Сөйле, тілім сөйле!» вариативтік компонентінде балаларға өлеңдер жаттату, ертегілер айту, кейіпкерлерін рөлге салып ойнау, жаңылтпаштар айтқызу, мақал мәтел айту үлкен маңызды рөл атқарады. Балалардың тілі дамиды.

Мақсаты:

- тілін дамытуға өлшеусіз үлес қосуға үйрету.
- өлең жолдарын қиындықсыз түсініп, жаттап алуға үйрету.
- айтылуы қиын дыбыстарды дұрыс айтуға ойын түрінде тез жаттықтыру.
- есте сақтау қабілеті арттыру.
- елестету арқылы қиялын дамыту.
- әр кейіпкердің рөліне енуді үйреніп, даусын құбылтып, еркін сөйлеуге жаттықтыру.
- өлеңдерді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету.
- ертегіні тыңдай отырып дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.

«Сөйле, тілім сөйле!» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Қажетті құралдар
-----	----------	---------	-------------	------------------

1	«Сөйлеп үйренейік»	Дайындық тобындағы балалар шығарманы тыңдай отырып, оның (әңгіме,өлең,ертегі) мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсініп, өзінше талдап, ойын қорытындылай білуге, кейбір үзінділерді жатқа айтуға, мазмұнға сай әңгіме құрауға, бейнелі сөздерді дәл тауып айтуға, өздігінен салыстыра сипаттай білуге үйрету.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері ,атрибуттары,слайд.
2	«М.Әлімбаев «Алтын күз»	Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру.Күз байлығы,оның алуан түрлілігі туралы айтып,өлеңді дауыс ырғағын келтіріп оқып жеткізу.Күз байлығы адамдардың еңбегімен келетіндігін ұғындыру,оны бағалай білуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	Күздің суреттері,слайд.
3	«Мақал сөздің мәйегі»	Балаларға мақалдарды оқи отырып,ғасырлар шежіресі,адамгершілікке тәрбиелейтінін ұғындыру.Мақал-мәтелдерді жаттай білу.	Көрсету,түсіндіру, сұрақ-жауап.	Әр түрлі суреттер.
4	«Түлкі мен тырна» ертегі	Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорларын дамыту,ертегіні тыңдай білу,жағымды ,жағымсыз кейіпкерлерді ажырату.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,куыршақтар.
5	«Түлкі мен тырна» ертегісі (көлеңке театры)	Көлеңке театры және оған қолданылатын қажетті құралдарды қалай пайдалануын үйрету; сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру; адамгершілікке, достық қарым-қатынасты бағалай білуге, шығармашылыққа тәрбиелеу.	Көрсету, куыршақ театры	Кейіпкерлердің атрибуттары куыршақтар.

6	Қалқаман Сарин «Тәуелсіздік» өлеңі	«Тәуелсіздік» өлеңін оқып,сөздердің мағынасын түсіндіру.Отанды,елді қорғауға тәрбиелеу.Өлең арқылы туған елге,жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Оқу ,түсіндіру, сұрақ-жауап.	Қазақстан Республикасы рәміздерінің суреттері.
7	«Үйшік» ертегісі	Балаларды үйшік ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін қалыптастыру. Ертегіні сахналауға, достық қарым-қатынасты бағалай білуге баулу.	Түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
8	«Үйшік» (театрландырылған ойын)	Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту, сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту.	Көрсету, түсіндіру.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
9	«Жаңылмай жаңылтпаш айтамыз»	Балаларға жаңылтпаштар туралы түсінік беру.Жаңылмай айта білуге,шапшаңдыққа үйрету.	Түсіндіру, көрсету.	Әртүрлі суреттер, аудио тындату.
10	«Қойшы, түлкі және аю» ертегісі	Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап,қуыршақтар.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.

11	«Қойшы, түлкі және аю» (қуыршақ театры)	Үйлесімді қимылды дамыту, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере білу, түрлі қуыршақтарды қолданып, олармен ойнау тәсілін игере білуді дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, қуыршақтар.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары, қуыршақтар.
12	«Жұмбақтар шешейік»	Жұмбақтар туралы түсінік бере отырып, жұмбақтардың жауабын шапшаң таба білуге үйрету. Жұмбақтың мәнін үйрету.	Түсіндіру, сұрақ-жауап.	Суреттер, слайд.
13	«Шұбар тауық» (театрландырылған ойын)	Театрландырылған қойылым арқылы балалар тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, ертегі барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары, қуыршақтар.
14	«Жыл мезгілдері суреттері» (Сурет бойынша әңгімелеу)	Жыл мезгілдері туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерімен таныстыру. Сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету.	Түсіндіру, көрсету.	Жыл мезгілдерінің суреттері.
15	«Арыстан мен тышқан» ертегісі	Балаларға ертегіні оқып таныстыру, ертегі мазмұнын түсініп, өз ойларын жеткізе білуге қамқор болуға, арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың бір-біріне шыншылдыққа тәрбиелеу.	Түсіндіру, сұрақ-жауап.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары, қуыршақтар.
16	«Арыстан мен тышқан» (ертегіні көлеңке театры)	Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, көлеңке театрымен көрсетуге	Түсіндіру, сұрақ-жауап, қуыршақтар.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары

	арқылы сахналау)	үйрету.		,қуыршақтар.
17	«Төлдер айтысы» (сахналау)	Төрт түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету, кеңістікте бағдарлану, түрлі қарқында қозғалу, өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру, оның қалай әрекет ететінін алдын ала сезу іскерліктерін дамыту, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; достық қатынасқа тәрбиелеу.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап	Кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
18	«Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісі	Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап, ой бөлісу.	кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
19	«Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісі (сахналау)	Балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын қалыптастыру, таныс сюжет арқылы түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшін қолдануды үйрету, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; балаларды жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің рөлін сахналай білуге баулу, адамгершілік ережелері тұрғысынан тәрбиелеу.	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгіме.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
20	«Әке мен бала» ертегісі	Қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы. Алтынсарин өмірі және оның шығармашылығы білімдерін қалыптастыру. Тындай білу, әңгімелей білу іскерліктерін, дағдыларын дамыту. Әңгіме мен ертегіні ажырата білуге үйрету.	Сұрақ-жауап,көрсету,түсіндіру.	кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
21	«Әке мен бала» (сахналау)	Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру дағдысын қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану;	Түсіндіру, сұрақ-жауап,қуыршақтар.	кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
22	Санамақтар «Аптаның балалары»	Балаларды санамақтар айтуға үйрету.Есте сақтау ,ойлау қабілеттерін дамыту,тілдерін жаттықтыру,ұқыптылыққа	Оқу,түсіндіру.	Отбасы туралы суреттер.

		,жылдамдыққа тәрбиелеу.		
23	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.Батырлыққа,өжеттілікке тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Кейіпкерлердің атрибуттары ,ертегінің суреттері.
24	«Жеті лақ және қасқыр» (сахналау)	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.	Кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
25	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегі	Ертегінің мазмұнын түсіндіру,тілдерін дамыту.	Түсіндіру, көрсету,әңгімелеу.	кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
26	«Қарлығаш пен дәуіт» (сахналау).	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау. Белсенді балаларды кейіпкер- лердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	Түсіндіру,сұрақ-жауап	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
27	«Нақыл сөздер»	Балаларға ұлағатты нақыл сөздердің, мәнін ұғындыру және одан үлгі-өнеге,өсиет ретінде айтылатын аталы сөз екенін үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Нақыл сөздер,суреттер.
28	«Мысық әтеш және түлкі» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің ерекшеліктерін, жағымды-жағымсыз қасиеттерін ажырата білуге үйрету. Балалардың театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын қалыптастыру	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап.	Қуыршақтар ,кейіпкерлердің атрибуттары
29	«Мысық, әтеш және түлкі» ертегісі (сахналау)	Жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,сахналау.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
30	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Балалардың сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Көрсету, сөйлесу, сұрақ-жауап.	кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
31	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі (сахналау)	Балалардың бойында адамгершілік нормаларын қалыптастыру; түрлі эмоцияларды, ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттерін қайталап көрсете білуді үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,сахналау.	Кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.

32	«Мақал сөздің мәйегі»	Мақал-мәтелдер қазақтың қысқа әрі нұсқа даналығы , өмірден түйген қорытындысы , тұрмыс айнасы екеніне көздерін жеткізу, орынды пайдалана білуге үйрету.	Сұрақ-жауап, түсіндіру.	Интерактивті тақта.
33	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі мазмұнын тыңдата білуге үйрету.Балалардың белсенділіктерін арттыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап.	Қуыршақтар ,кейіпкерлердің атрибуттары.
34	«Қызыл телпек» ертегісі(сахналау)	Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру дағдысын қалыптастыру, кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлік құралдарын қолдану;	Сұрақ-жауап, әңгімелеу.	Интерактивті тақта, кейіпкерлердің атрибуттары ,қуыршақтар.
36	«Ағайынбыз бәріміз »	Ұлттардың бірлігі күні мерекесі жөнінде түсінік беру.Барлық ұлттардың бір-бірімен тату қарым-қатынаста болу керектігін ұғындыра білу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Ұлттардың суреттері.